

**2018-2019 оқу жылындағы «Мектепке жол» акциясы барысында
атқарылған іс-шаралар туралы мәлімет**

№ 9 орта мектебіміз «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын әр жылы өткізеді. Биылғы акция 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!» ұранымен өтті. Екі ай бойы жүргізілген ауқымды шараның мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен қараусыз қалған балаларды мектепке дайындап, қажетті құрал-жабдықтарын алып беру.

Біздің ұжым, мектеп әкімшілігі 20 ұйымға қолдау хат жазып қол көмегін сұрады. Қаламыздың барлық азаматтарын және кәсіпкерлер мен қоғамдық қорларды «Мектепке жол» іс-шарасына қатысуға шақырды

Акцияның өтіліп жатқаны туралы мектеп сайтына ақпарат берілді

Бүгінгі күнде 8 мекеме көмекке мұқтаж балаларға жәрдем беруге әзір екендіктерін хабарлап, «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік жағдайы төмен жанұялардан шыққан балаларды мектепке даярлауға айтарлықтай қолдау көрсетті.

Жалпыға бірдей білім беру қорының қаржысы есебінен 5 балаға көмек көрсетілді,

Мектепте аз қамтылған отбасылардан шыққан 52 балаға 312000 тенгеге демеушілерден және 75000 тенгеге қала бюджетінен материалдық көмек көрсетілді. Жалпы 387000 теңгені құрайтын киім-кешек, оқу-құралдары берілді.

«Мектепке жол» акциясына демеуші ретінде: «Қала әкімшілігі» «Ата-аналар» «Паң Нұрмағамбет» қала мешіті, «Нұр Отан» ұйымы. «Венера» ЖШС, «Орталық базар», мектеп ұжымы, жеке кәсіпкерлер мен азаматтар қатысты. «Мектепке жол» акциясына барынша көмек қолын созған азаматтарымызға мектеп ұжымы атынан алғыс айтамыз.

Жылдан жылға акцияның ауқымы кеңейіп, тұрақты демеушілер қатары артқанын мақтанышпен айта аламыз.

Тамыз айының соңында көп балалы және аз қамтылған отбасылардың тұрмыс жаңдайымен, сынып жетекшілермен бірге әлеуметтік педагог танысып шығып келесі оқу жылына тегін тамақтану мәселесін шешті. Қазіргі уақытта мектебімізде 62 оқушы мемлекеттік қызметтен тегін тамақтанады.

Директор



И.Ж.Жиенбаев

Орын: Мустафаева Д.А.

Тел: 3-18-86